



Басты бет / Заңнама / Заңнама

Телерадио хабарларын тарату туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 545-IV Заңы.

← Қайта оралу

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін **43-б.** қараңыз.

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң телерадио хабарларын тарату саласындағы қоғамдық қатынастарды, телерадио хабарларын тарату субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) абонент – телерадио хабарларын тарату қызметтерін алуға телерадио хабарларын тарату операторымен шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

1-1) балалар телебағдарламасы – 12 жасқа дейінгі балаларға арналған, осы жастағы топқа тән сюжеті бар телебағдарлама;

1-2) білім беру телебағдарламасы – мазмұны телекөрсетімді ғылымның, мәдениеттің, өндірістің, өнердің және әлеуметтік өмірдің қандай да бір саласында нақты білім жүйесінде оқытуға бағытталған, адамдардың көпшілік тобына арналған телебағдарлама;

1-3) дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларын таратушы – телерадио хабарларын тарату саласында лицензиясы бар және Қазақстан Республикасының аумағында өзінің спутниктік хабар тарату жүйелеріне ие, телерадио хабарларын тарату операторларының көрсетілетін қызметтеріне шартты қолжетімді карталарды, телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиосигналын жеке-дара қабылдауға арналған жабдықты тарататын жеке немесе заңды тұлға;

2) дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғысы – теле-, радиосигналды дара қабылдауға арналған жабдық (телевизиялық байланысты қабылдау аппаратурасы);

3) дыбыстық сүйемелдеудің көпарналы берілві – абонентке

көру кезінде тілдерді таңдауға мүмкіндік беретін,
телебағдарламада екі және одан да көп дыбыстық сүйемелдеудің
берілуі;

3-1) діни телебағдарлама – дін саласы мәселелері бойынша
халықты ақпараттандыруға және олардың сауаттылығын
арттыруға бағытталған телебағдарлама;

4) еркін қолжетімді теле-, радиоарна – көру құқығы үшін ақы
алынбай адамдардың шектеусіз тобы үшін цифрлық эфирлік және
спутниктік телерадио хабарларын тарату арқылы таратылатын
теле-, радиоарна;

5) көпарналы хабар тарату – теле-, радиоарналар
топтамаларын таратуға арналған телекоммуникациялық жүйе;

5-1) мемлекеттік радиожилік қызмет – Қазақстан
Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық
жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын;

6) міндетті теле-, радиоарна – уәкілетті орган бекіткен тиісті
тізбеге кіретін, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында
көпарналы хабар тарату арқылы таратылуға міндетті теле-,
радиоарна;

7) отандық теле-, радиоарна – Қазақстан Республикасының
теле-, радиокомпаниялары кейіннен трансляциялау және (немесе)
ретрансляциялау үшін хабар тарату кестесіне сәйкес
қалыптастырған теле-, радиобағдарламалардың және дыбыс-
бейне туындыларының, сюжеттер мен материалдардың
жиынтығын білдіретін бұқаралық ақпарат құралы;

8) отандық теле-, радиобағдарламалар – Қазақстан
Республикасының аумағында тіркелген және өз қызметін
Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары
жерлерде жүзеге асыратын теле-, радиокомпаниялар немесе жеке
және заңды тұлғалар жасаған теле-, радиобағдарламалар;

9) ретрансляция – телекоммуникациялардың техникалық
құралдарын пайдалана отырып және телекоммуникация
желілерінде теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды
қабылдау және сонымен бір мезгілде не жазып алып тарату;

10) субтитрлер – телебағдарламада қамтылған ақпаратты
телебағдарлама түпнұсқасының дыбыстық сүйемелденуін
мәтінмен қайталау арқылы тарату тәсілі;

11) телевизиялық абоненттік жалғама – абоненттің цифрлық
телевизиялық сигналды қабылдауына арналған жеке техникалық
құрал;

11-1) телегазет – телерадио хабарларын тарату операторлары
тұтынушы үшін телекоммуникация желілерінде тарататын,
мерзімді баспасөз басылымының электрондық толық нұсқасы;

12) теле-, радиоарна – кейіннен трансляциялау және (немесе)
ретрансляциялау үшін хабар тарату кестесіне сәйкес
қалыптастырылған теле-, радиобағдарламалар мен дыбыс-бейне
туындыларының, сюжеттер мен материалдардың жиынтығын
білдіретін бұқаралық ақпарат құралы;

13) теле-, радиоарналар топтамасы – телекоммуникация
желілерінде көпарналы хабар тарату арқылы тарату үшін
телерадио хабарларын тарату операторы қалыптастырған теле-,
радиоарналардың жиынтығы;

14) теле-, радиоарналарды тарату – телекоммуникациялардың
техникалық құралдарын пайдалана отырып және
телекоммуникация желілерінде тұтынушыға теле-,

радиобағдарламаларды жеткізу;

15) теле-, радиоарнаны есепке қою туралы куәлік – уәкілетті органның теле-, радиоккомпанияға беретін және теле-, радиоарнаның Қазақстан Республикасының аумағында таралуына рұқсат беретін белгіленген нысандағы құжат;

16) теле-, радиобағдарлама – тиісті атауы, хабар тарату көлемі бар және теле-, радиоарнаның басқа бөліктеріне қарамастан пайдаланылуы мүмкін теле-, радиоарнаның мазмұны жағынан аяқталған бөлігі;

17) теле-, радиоккомпания – теле-, радиоарнаны есепке қою туралы куәлік алған, теле-, радиоарнаның меншік иесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға немесе оның филиалы (өкілдігі);

18) телерадио хабарларын тарату – телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып және телекоммуникациялар желілерінде теле-, радиоарналарды ашық немесе кодталған түрде тұтынушының жария қабылдауы үшін қалыптастыру және (немесе) тарату;

19) телерадио хабарларын тарату қызметі – бұл теле-, радиобағдарламаларды қабылдау, өңдеу, сақтау, беру, абонентке дейін жеткізу;

20) телерадио хабарларын тарату операторы – теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысуға лицензия алған жеке немесе заңды тұлға;

21) телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдары – теле-, радиоарналар мен теле-, радиобағдарламалар жасауды, қалыптастыруды, таратуды және (немесе) қабылдауды қамтамасыз ететін радиоэлектрондық құралдар мен қабылдайтын-беретін техникалық құрылғылардың жиынтығы;

22) телекоммуникациялардың техникалық құралдары – теле-, радиосигналдарды қалыптастыруға, қабылдауға, өңдеуге және беруге мүмкіндік жасайтын техникалық құрылғылар;

23) телерадио хабарларын тарату саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

23-1) телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы уәкілетті орган – телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

24) трансляция – телекоммуникациялардың техникалық құралдарын пайдалана отырып және телекоммуникация желілерінде теле-, радиоарналардың сигналын бастапқы тарату;

25) телерадио хабарларын таратудың ұлттық желісі – мемлекет меншігіндегі, Қазақстан Республикасының аумағында телерадиосигналдарын таратуды қамтамасыз ететін техникалық құралдар мен байланыс арналарының жүйесі;

26) хабар тарату кестесі – хабар таратудың бағдарламалық тұжырымдамасының нақты кезеңдегі негізгі бағыттарын көрсететін, теле-, радиобағдарламалардың тізбесі, реттілігі, атауы, эфирге шығу уақыты;

26-1) шартты қолжетімді карта – дара спутниктік және эфирлік қабылдау құрылғыларының сәйкестендіргішін қамтитын, абоненттің телерадио хабарларын тарату операторының көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін

құрылғы;

27) шартты қолжетімді теле-, радиоарна – көру құқығы өтеулі шарт негізінде қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасының аумағында телерадио хабарларын тарату операторлары адамдардың шексіз тобына тарататын теле-, радиоарна.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 394-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының аумағында телерадио хабарларын тарату саласында өз қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

2. Осы Заңның ережелері Қазақстан Республикасының аумағында телерадио хабарларын тарату саласында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік жеке және заңды тұлғаларға да қолданылады.

3-бап. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

2-тарау. ТЕЛЕРАДИО ХАБАРЛАРЫН ТАРАТУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

4-бап. Телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары

Телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары:

1) заңдарда тыйым салынбаған кез келген тәсілдермен еркін ақпарат алу және тарату, сөз бен шығармашылық бостандығы құқықтарына конституциялық кепілдіктерді қамтамасыз ету;

2) телерадио хабарларын тарату қызметтерін пайдалану кезінде адамның, қоғам мен мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметке жеке және заңды тұлғалардың қатысу құқықтарының теңдігі;

4) телерадио хабарларын тарату қызметтерін тұтынушылардың, телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың

құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

5) меншік нысанына қарамастан телерадио хабарларын тарату саласын дамытуға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді білдіретін адал бәсекелестік;

6) Қазақстан Республикасының аумағында телерадио хабарларын тарату саласындағы ұлттық стандарттар негізінде телерадио хабарларын тарату саласының қауіпсіздігін, сенімділігін және сапасын қамтамасыз ету;

7) отандық теле-, радиоарналарды дамыту, отандық теле-, радиобағдарламаларды жасау және трансляциялау үшін жағдай жасау;

8) телерадио хабарларын тарату саласында жаңаша технологияларды енгізуге жәрдемдесу;

9) телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметтің жариялылығы және ашықтығы болып табылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік реттеу және бақылау

1. Телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік реттеу құқықтық қамтамасыз ету, лицензиялау, есепке қою және Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылау арқылы жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган, телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы уәкілетті орган мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Осы Заңның 31-бабында көзделген талаптардың сақталуы бөлігінде Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуына бақылау жүргізуді мемлекеттік радиожиилік қызметті тарта отырып, телерадио хабарларын таратуды радиожиилік сүйемелдеу саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2021 № 59-VII